Сманова Алуа Арыстановнаның
6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуы (Германия және Қазақстан тәжірибесі)» атты диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазіргі уақытта Қазақстанның әлемдегі озық отыз елдің алдыңғы қатарынан орын алуын қажет ететін стратегиялық міндеттер мен бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлау талаптары да ең озық шет елдің тәжірибесін тиімді пайдаланудың қажеттілігін арттырып отыр. Тұжырымдамалық тұрғыдан бұл, салыстырмалы педагогиканың ықпалымен іске асыруда отандық және шет елдік кәсіптік мектептердің негізіндегі теориялық зерттеулердің, олардағы тарихи және болжамды шарттарды дамыта отырып қарастырудың қажеттілігін туындатады. Оған қоса алдыңғы қатарлы мемлекеттердің білім беру тәжірибесін зерттеу, өз еліннің білім беру мен тәрбиелеу жүйесіне қажетті қолайлы педагогикалық инновацияны ендіруге, соның ішінде кәсіби білім беру саласының да сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Осыған орай Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауларында мамандар даярлауға өзгерістер енгізудің бірқатар шаралары «сапалы білім беру – Қазақстанның индустриясы мен инновациялық дамуының негізіне айналуы тиістігі» атап көрсетілген. Болашақ мамандардың, соның ішінде бүгінгі педагогтың бәсекеге қабілетті болуы, кәсіби құзыретті, практикалық тәжірибеге бейім, өзінің болашақтағы кәсіби іс-әрекетіне қызығатын, кәсіби іскерліктері мен дағдылары қалыптасқан, білімді де білікті маман болуы қажеттілігіне мән берілген. Осыған орай Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында педагогтың адам капиталын қалыптастыруға ықпалының басымдығы, білім беру жүйесіндегі проблемаларды шешудегі аса маңыздылығы басым көрсетіліп, оларды кәсіби даярлау мазмұнының сапасын жақсарту мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін әлемдік озық тенденциялар контексінде модернизациялау міндеттелген [1-3].

Ал бұл болса, болашақ мамандардың, соның ішінде педагог кадрлардың жоғары білім алу барысында келешектегі кәсіби қызметіне практикалық бағдарлы даярлануын, яғни практикалық дайындығын күшейту қажеттілігін арттырады.

Әрине, барлық уақытта да болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда педагогикалық жоғары оқу орындары өз студенттерінің практикадан өтетін білім беру ұйымдарымен серіктестікте болғаны ақиқат. Алайда, тек қана педагогикалық практика кезеңінде-ақ мектеп, колледждермен әрекеттестікке түсетін өзара байланыс болашақ педагогтың біртұтас іске асырылуға қажетті

практикалық даярлығының бөлек бір құрамдарын ғана қамтиды. Осыған байланысты педагогикалық білім беруде теориялық даярлығы мен практикалық даярлығы оқу орнында және өндірісте, яғни біздің жағдайымызда бала бақшаларда, мектептер мен колледждерде қатар жүруді жүзеге асыратын *дуальді оқыту* өзекті болып табылады.

Ғылыми көзқарас бойынша ГФР-ның кәсіби білім беру жүйесіндегі жұмысша мамандарды дуальді оқыту ерекшеліктерін зерттеу өзекті болып табылады. Өйткені тарихи бастау кезеңдерінде дуальді оқытудың қайнар көзі араб, азия, еуропа елдерінде «шебер-шәкірт» жүйесіндегі шәкірт тәрбиелеу тұрғысынан кеңінен таралғанымен, кәсіби білім берудегі дуальді оқыту Германияда бастау алды. XIX-XX ғасырларда шет елде еуропа педагогтарының қозғалысын қалыптастыруға әсер еткен неміс педагог ғалымы Георг Кершенштайнг кәсіптік білім берудің дуальді формадағы тұжырымдамасында жас жұмысшыларды тәрбиелеу мен даярлаудың негізгі әдістемесі соғысқа дейін Германияда заңды түрде қабылданғанын негіздейді.

Кәсіби білім берудегі дуальді оқыту дәстүрлі білім беру ұйымдарындағы теориялық оқытудың өндірісте жеке жұмыспен қамтамасыздандырылуы арқылы практикамен ұштастыруы болып табылады.

Дуальділік «екі бірлік, екі жақтылық», «біріңғай біртұтас ұйым» деген мағынаны білдіреді. Кәсіби білім берудің мұндай формасы өкіметтің, жұмысшының, кәсіподақ пен еңбек нарығының қажеттілігіне сай тиісінше жоғары білікті мамандарды даярлаудың әртүрлі қоғамдық бірлестігінің өзара ынтымақтастық механизміндегі әлеуметтік серіктестік өнімі сияқты пайда болды.

Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында дуальді кәсіптік білім беруді дамытудың маңыздылығы атап өтілген. Сондай-ақ бұқаралық маман кадрларының жетіспеушілігін еңсеруге мүмкіндік беретін заманауи қолданбалы біліктілік орталықтары құрудың қажеттілігі көрсетілген [4]. Осыған байланысты республикада мемлекет тарапынан колледждерде дуальді оқыту әдісін енгізу туралы нақты тапсырмалар берілген. Қазақстан Халқы Ассамблеясының XIX-шы сессиясында «Самұрық-Қазына» қорына арқаулық кәсіпорындар тізімі белгіленген. Дуальді оқыту моделін бірте-бірте енгізудің жоспарын әзірлеу тапсырылған болатын.

Осыған орай Қазақстан Республикасының Үкіметі, БжҒМ жүзеге асыру мақсатында оның нақты жолдарын анықтады. Мамандарды колледждер мен ЖОО және өндіріс орындарында даярлау бойынша оқу орталықтарын, біліктілігін арттыру мен қайта даярлау институттарын құру және олардың іске асуын қамтамасыздандыратын іс-шараларды қамтитын дуальді оқыту бағдарындағы Жол картасы жасалып Үкімет Қаулысымен бекітілген [5].

Бүгінгі таңда Қазақстанда дуальді оқыту орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКББ) ұйымдарында табысты жүзеге асырылып келеді. Осы тәжірибе дуальді оқытуды ендірудің теория мен практика арасындағы алшақтықты жоятындығын; білім алушының оқу мен

жұмысқа практикалық дағдысын игеру түрткісін жоғарылататындығын, мекеме басшысының өзінің қызметкерін практикалық оқытуға қызығушылығы болатындығын және т.б. көрсетті.

Дейтұрғанмен, Қазақстанда дуальді педагогикалық білім беру – игерілмей жатқан «тың» болып табылады. Оны игеру үшін әр түрлі деңгейдегі білім беру ұйымдарының басшылары мен ғалымдарының, педагог-практиктерінің аса жауапты да көп еңбекті талап ететін біргеліктегі жұмысының қажеттілігі артады.

Сондай-ақ, әсіресе дуальді оқытуды педагогикалық білім беруге ендіру үшін алдымен оның теориялық-әдіснамалық негіздерін жасаудың қажет екендігі анық. Осы тұрғыдан бірінші кезекте дуальді оқытудың отаны саналатын Германиядағы кәсіптік білім берудегі дуальді оқытудың дамуы мен Қазақстандағы орта арнайы кәсіптік техникалық білім беруге дуальді оқытудың ендірілуі тәжірибесін зерттеудің қажеттілігі арта түсуде.

Алыс және жақын шет елдік ғалымдар зерттеулерінде кәсіби білім берудегі дуальді оқыту мәселесінің бірқатар аспектілері зерттелгенін жоққа шығаруға болмайды. Мәселен, кәсіби білім беруді дамытудың заманауи тұжырымдамасы мен теориясы (С.Я.Батышев, А.П.Беляева, А.Т.Глазунов, А.Я.Наин, А.М.Новиков, И.П.Смирнов, С.Д.Смирнов, Е.В.Ткаченко, J.Dewey, M.S.Knowles және т.б.); дуальді принциптегі әдістемелік негізде кәсіби білім беруді ұйымдастырудың теориялық және практикалық негіздері (А.Шелтен, К.В.Штратман, H.Stegmann және т.б.) қарастырылған.

Жоғары кәсіби білім беруді жетілдірудің өзекті мәселелерін С.И.Архангельский, А.А.Вербицкий, Н.А.Селезнева, Ю.Г.Татур, K.W.Doering және т.б. зерделесе, кәсіби-техникалық білім беру ерекшеліктерін О.В.Долженко, В.П.Зинченко, В.С.Михалкин, В.Л.Шатуновский және т.б. ғалымдар жан-жақты қарастырған. Кәсіби педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдердің практикалық біліктерін дамытудың теориялық-әдістемелік негіздері Г.А.Уманов, Н.Д.Хмель, Г.Т.Хайруллин, Ш.Т.Таубаева және т.б педагог зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан.

В.С.Безрукова, А.О.Велижанина, Н.В.Кузьмина, Г.М.Романцев, Л.Е.В.Ткаченко және т.б. инженерлік-педагогикалық білім берудегі дуальділік мәселесін зерттесе, З.А.Бердникова, М.Н.Кларина, И.Е.Мамаева, С.М.Шохин және т.б. ғалымдар дуальді оқытуды кәсіби білім берудің қосымша формасы тұрғысынан негіздеген.

Кәсіби білім берудегі оқытудың инновациялық технологиялары мен тұжырымдамалары да ғалымдардың (В.И. Андреев, В.В.Гузеев, Д.Н. Кавтарадзе, В.Я.Ляудис, L.W.Anderson, M.D.Gall, R Lewis, N.Paine және т.б.) зерттеу объектісінен тыс қалмаған.

Кәсіби білім беруде үздіксіз білім беру мәселелеріне шет елдік (J.Barzun, D.Bridges, R.H.Dave, R.Snager және т.б.), ресейлік (В.И.Байденко Б.С.Гершунский, В.П.Зинченко, Л.Г.Петряевская, А.И.Субетто және т.б.) және қазақстандық (Б.Сайлыбаев, Р.К.Ержанова, Е.И.Бурдина, А.Е.Есполова,

Н.Р.Шаметов, С.З.Коканбаев және т.б.) ғалымдар еңбектерінде терең талдау берілген.

Болашақ мамандарды даярлаудың дуальді жүйесінің пайда болуы мен дамуын зерделеуге арналған теориялық және ғылыми-практикалық зерттеулер Батыс Еуропаның бірқатар Германия, Австрия, Нидерланды, Ұлыбритания (Шелтен, К.В. Штратман, H. Stegmann, A.Rakhkochkine және т.б..) елдерінде жүргізілген. Ресейде де (В.А.Поляков, И.П.Смирнов, Е.В.Ткаченко, А.К.Корнев, В.А.Тимофеева және т.б.). дуальді білім беру әлеуметтік серіктестік идеясынан туындап, білім беру ұйымдарының жаңа принциптері тұрғысынан зерттеле бастады. Қазақстандық ғалымдар еңбектерінде де дуальді оқытудың болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдірудің шарты (У.М.Абдигапбарова, К.Ж.Бұзаубақова, Д.П.Қожамжарова, Ж.Н.Күмісбекова, С.А.Әубәкірова, Г.О.Абдуллаева және т.б.). және кәсіптік оқыту мамандығындағы болашақ мамандардың құзыреттілігін, кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуға ықпалы (С.А.Жолдасбекова, Э.Т.Толыбаева, Р.Н.Кебекбаева, П.Н.Балташ және т.б.) тұрғысынан қарастырылып отыр.

Шет елдердің дуальді оқыту жүйесінің тәжірибесін О.Д.Федотова, А.Н.Кирилловский, С.П.Романов және т.б. зерделесе, дуальді жүйеде мамандар даярлаудың педагогикалық ерекшеліктерін Л.И.Корнеева, М.А.Шувалова зерттеген. Д.А.Торопов Германияда кәсіби білім берудің сапасын қамтамасыздандыру проблемасын зерттеу аясында дуальді оқытудың ерекшеліктерін жан-жақты ашып көрсеткен болса, Л.Н.Самолдина арнайы орта оқу орындарының студенттерін дуальді-мақсаттық даярлауды негіздеген. О.В.Приступа Германиядағы мектеп бітірушілерін еңбекпен айналысуға даярлаудың педагогикалық негіздерін ашуда дуальді оқытудың теориялық-әдістемелік негіздеріне мән берген. А.Л.Бусыгин жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінің тиімділігін көтерудегі мұғалімдердің педагогикалық құзыреттілігін жетілдіру мәселесін зерделеген.

Сондай-ақ, Германия мен Қазақстанның білім беру жүйесін салыстыру бағытындағы зерттеулер де жоқ емес. Мәселен А.Қ.Құсайынов, Б.Т. Искаков Германия мен Қазақстанда білім берудің жағдайы мен дамуын қарастырса, Г.Е.Утюпова аталған екі елде бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау жүйесінің дамуын, Ж.М.Байгожина Германиядағы әлеуметтік педагогтарды дайындаудың ерекшеліктерін зерделеген.

Соңғы жылдары дуальді оқыту жүйесі аясында отандық диссертациялық зерттеулер де орын ала бастады. Атап айтқанда Ж.О.Нұржанбаева дуальді оқыту жүйесінде колледж студенттерінің бойында еңбек құндылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздерін зерттесе, Ж.Е.Алшынбаева кәсіптік оқыту мамандығы бойынша педагогтардың дуальді оқытуды іске асыруға даярлығын қарастырған.

Осы еңбектерге жасалған талдау **Германия мен Қазақстан тәжірибесінде кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуы мәселесінің отандық ғылымда арнайы зерттеу нысанына алынбағандығын көрсетеді.**

Оған қоса бүгінгі білім беру практикасы Қазақстандағы арнайы орта кәсіби техникалыдуальді оқытудың кәсіби-техникалық жоғары және ота білімнен кейінгі кәсіби-техникалық білім беру ұйымдарының оқу үдерісіне ендірілген дуальді оқытудың тиімділігін көрсетуі, қоғамның практикаға бағытталған педагог кадрларға сұранысы мен олардың кәсіби даярлығына дуальді оқытуды ендіру мәселесінің алғышарттары мен ғылыми-әдістемелік негіздерінің зерттеле қоймағандығы бүігнгі практикадағы сұраныс пен теориялық зерттеулер арасында **қарама-қайшылық** туындатады:

- Жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың практикалық даярлығын әлемдік озық үрдістер негізінде жаңа бағытта жетілдіру қажеттілігі мен шет елдік кәсіби білім беру жүйесі дамуын зерттеудің жеткіліксіздігі арасында;
- Германия мен Қазақстандағы кәсіби білім берудегі дуальді оқыту жүйесінің элементтерін кәсіби педагогикалық білім беруде пайдалану қажеттілігі мен оның ғылыми негіздерінің жасалмауы арасында;
- жоғары педагогикалық оқу орнының оқу үдерісіне дуальді оқыту элементтерін пайдаланудың әдістемелік ұсыныстарын жасау қажеттілігі мен Германия мен Қазақстандағы кәсіби білім берудегі дуальді оқытудың дидактикалық негіздерінің жеткілікті зерттелмеуі арасында.

Аталған мәселелерді тарихи зерделеу, теориялық негіздеу мен оны практикаға ендіруге ұсыныстар әзірлеу **зерттеудің проблемасын** айқындады және бізге диссертациялық жұмыстың тақырыбын **«Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуы (Германия және Қазақстан тәжірибесі)»** деп таңдауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: Германия мен Қазақстан тәжірбиесі негізінде кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуын теориялық негіздеу және оның элементтерін болашақ педагогтарды даярлау үдерісінде пайдалануға әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеудің нысаны: Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқыту

Зерттеудің пәні: Германия және Қазақстанның кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың даму үдерісі

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, Германия мен Қазақстанның кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқыту дамуының тарихи негіздері айқындалса, кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқыту ұғымының мәні мен ерекшеліктері анықталып, тұжырымдамалық моделі негізделсе, дидактикалық негіздемесі жасалса; сондай-ақ Германияның болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау жүйесіне ендірілген дуальді оқыту элементтерін анықтап, оларды Қазақстанда жоғары педагогикалық білім беруде пайдалану бойынша ұсыныстар берілсе, онда республикада болашақ педагогтарды кәсіби даярлау үдерісіне дуальді оқыту элементтерін ендіруге мүмкіндік туады, өйткені кәсіби білім берудегі дуальді оқытудың дамуы тарихи, теориялық-тұжырымдамалық тұрғыдан негізделіп, әдістемелік жолдармен қамтамасыздандырылады.

Зерттеудің міндеттері:

1. Германия мен Қазақстанның кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқыту дамуының тарихи негіздерін айқындау
2. Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың мәні мен ерекшеліктерін анықтау
3. Германияның кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың тұжырымдамалық моделін негіздеу және сипаттау
4. Германия мен Қазақстанның кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дидактикалық негіздерін анықтау
5. Германияның болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау жүйесіндегі дуальді оқыту элементтерін анықтау және оларды Қазақстанда жоғары педагогикалық білім беруде пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлеу

Зерттеудің жетекші идеясы: Германия мен Қазақстанның кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқыту дамуының тарихи, теориялық-әдіснамалық, әдістемелік негіздерін айқындау негізінде жоғары оқу орындарының болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үдерісіне дуальді оқыту элементтерін ендіру бойынша әзірленген әдістемелік ұсыныстарды тәжірибеде пайдалану кәсіби-тұлғалық сапалары, білім, біліктері дамыған, практикаға бағдарланған, бәсекеге қабілетті педагогтарды даярлауға септігін тигізеді.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері: Тұлғаны дамытуға бағытталған жалпы теориялар жүйесі; тарихи-танымдық тұжырымды ойлар; педагогикалық зерттеулердегі жүйелілік, іс-әрекеттік, синергетикалық тәсілдер және т.б.; білім беруді ашық, күрдері, өзін-өзі дамытатын жүйе ретінде ұғыну және қолдану туралы қағидалар; жалпы педагогиканың әдістемелік тұжырымды қағидалары; білім берудің әлеуметтік-философиялық негіздері; заманауи дидактиканың қағидаттары; білім беруді технологияландыру теориялары; тұлғалық-бағдарлық психологиялық теориялар; дуальді оқытудың теориялық тұжырымдары, әдіснамалық ұстанымдары және т.б.

Зерттеу көздері: отандық және шет елдік ғалымдардың дуальділік, дуальді оқыту, дуальді білім беру, Германиядағы бастауыш кәсіби білім берудің дуальділік жүйесі мәселесі қарастырылған ғылыми зерттеулері; Қазақстанда дуальді оқытуды орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКББ) ұйымдарына ендіру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулы қарарлары, мемлекеттік бағдарламалары, Жол картасы, Білім және ғылым министрлігінің, «Самұрық-Қазына» АҚ, «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының дуальді оқытуға қатысты тұжырымдамалық нормативтік құжаттары; Германия мен Қазақстан ғалымдарының дуальді оқыту саласындағы ғылыми жетістіктеріне негізделген озық тәжірибелері; ғылыми-әдістемелік журналдар; докторанттың ғылыми-ізденушілік және практикалық тәжірибесі.

Зерттеудің кезеңдері:

1-кезең (2015-2016 жж.) - зерттеу проблемасына қатысты материалдар жиналды, оларға талдау жасалды, аталған проблеманың тарихи-ғылыми зерттеулерде, шет елдік және отандық әдебиеттерде зерттелу деңгейі анықталды, ғылыми аппарат негізделді. Қазақстанда орта білімнен кейінгі

кәсіби техникалық оқу ұйымдарына дуальді оқытуды ендіру жағдайы мен тәжірибесі зерделенді.

2-кезең (2016-2017 жж.) - Германия мен Қазақстанның кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқыту дамуының тарихи-әлеуметтік, экономикалық алғышарттары анықталды. Қазақ қолөнеріндегі шәкірт тәрбиелеу жүйесіне дуальді оқытудың бастау көздері тұрғысынан талдау жасалды, ғылыми тұрғыдан негізделді. Қазақстанның кәсіби білім беру жүйесіне дуальді оқытудың ендірілу жағдайына сипаттама берілді. Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқыту мәні мен ерекшеліктері анықталды, тұжырымдамалық моделі негізделді. Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дидактикалық негіздері айқындалды. Германияның кәсіби білім беру жүйесіндегі болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісіне дуальді оқыту элементтері ендірілуінің мазмұны зерттелді. Қазақстанның жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде дуальді элементтерді пайдалану қажеттілігін айқындауда жұмыс берушілер мен білім алушылардан сауалнама, сұхбаттар алынды. Алынған жауаптарға талдау жасалды, нәтижелері тұжырымдалды.

3-кезең (2017-2018 жж.) – Германияның кәсіби білім беруде болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесіндегі дуальді оқыту элементтерін мазмұны Қазақстанның жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде пайдалану бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірленді. Диссертациялық жұмыс мазмұны талапқа сай рәсімделді.

Зерттеу әдістері. Зерттеу проблемасына қатыстығылыми еңбектерге, диссертациялық зерттеулерге теориялық талдау жасау; кәсіби білім берудегі дуальді оқытудың тұжырымдамалық негізі; практикалық тәжірибені ұғынуда әртүрлі ғылыми көзқарастардың кешендік мәселесін зерттеудің дерексізденуі мен жалпылауы, синтездеуі, теориялық сараптаманың әдістері (феноменологиялық, логикалық, тарихи-салыстырмалық, салыстырмалы-салғастырмалы); салыстырмалы-ретроспективті әдіс – кәсіби білім берудің ұлттық жүйесін дамытудағы салғастырмалы талдау; статистикалық сараптама – кәсіби білім берудегі дуальді оқытуды дамыту ерекшелігі; сауалнама, сұхбат – кәсіби білім берудегі дуальді оқытудың тиімділігін бағалау және т.б.

Зерттеудің базасы: Абай атындағы ҚазҰПУ, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті және т.б. (Қазақстан); Нюрнберг-Эрланген университеті, Лейпциг университеті (Германия)

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

1. Германия мен Қазақстанның кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқыту дамуының тарихи негіздері айқындалды
2. Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың мәні мен ерекшеліктері анықталды
3. Германияның кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың тұжырымдамалық моделі негізделіп, оған сипаттама берілді
4. Германия мен Қазақстанның кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дидактикалық негіздемесі жасалды

5. Германияның болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау жүйесіндегі дуальді оқыту элементтері анықталды және оларды Қазақстанда жоғары педагогикалық білім беруде пайдалану бойынша ұсыныстар әзірленді

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- Кәсіби білім берудегі дуальді оқытудың ғылыми негіздері (оқу-әдістемелік құрал, авторлық куәлік);

- Жоғары педагогикалық білім беруге дуальді оқытудың элементтерін ендіру бойынша әдістемелік ұсыныстар;

Диссертациялық зерттеу барысында алынған нәтижелер мен жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеудің материалдарын жалпы білім беретін мектептердің, гимназия мен лицейлердің жоғары сатысында, колледждердің тәжірибесінде, жоғары педагогикалық оқу орындарында, педагог мамандардың біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

- Германия мен Қазақстан жерлерінде балалар мен жастарды *қолөнер* кәсіпшілігіне баулудың формасы дуальді оқыту дамуының бастамасы. Германияда XII-XIII ғасырлардың өзінде-ақ мұндай оқыту сол кезеңнің әлеуметтік серіктестерінің - кәсіптік-сословиелік ұйымдардың - бақылауында болды. Оның дамуына тарихи-экономикалық, әлеуметтік-педагогикалық алғышарттар себеп болды.

- Қазақ халық қолөнеріне үйретудің өндірістік ортада (шеберхана, дүкен, ұстахана, отбасылық қоныс орындарында және т.б.) жүргізілуі, үйрете отырып (көрсет-қайтала-машықтан) біліктерін қалыптастыруы; белгілі бір кәсіпке баулуы(зергер, ағаш ұстасы, темір ұстасы, тоқымашы, тігінші және т.б.), кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуы (өнерге құрмет, кәсіпті сүю, еңбекқорлық және т.б.) сияқты қалыптасқан дәстүрлер жүйесі – кәсіби білім берудегі дуальді оқытудың пайда болуына негіз бола алады.

- Германияның кәсіби білім беру жүйесінде дуальді оқытудың дамуы тарихи кезеңдерге сәйкес орта ғасырларда пайда болды, XVII-XVIII ғг. - кәсіпорындар мен жексенбілік мектептердегі кәсіби даярлау, XIX ғ. жексенбілік мектептерде мамандардың біліктілігін арттыру жүйесінде дамыды. XX ғасырда 1969 жылдан бастап Кәсіби білім беру Заңының бекуіне сәйкес 50% -теориялық оқыту, 50% - практика жүзеге асырылды. Қазіргі уақытта бастауыш кәсіби білім беру жүйесінде 70-80% өндірісте, 20-30%-ы оқытылады.

- Қазақстанда дуальді оқыту Қ Республикасының Үкіметінің Қаулысымен бекітілген Жол картасы негізінде орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКББ) ұйымдарында 2014 жылдан бастап табысты жүзеге асырылып келеді.

- Германияның кәсіби білім беру жүйесінде дуальді оқытудың тұжырымдамалық моделі кәсіптік мектеп пен өндірістіңөзараәрекеттестігін реттейтін, заңдастыратын өкілетті органдардың бірлестігінде болашақ маман даярлығының аксиологиялық, онтологиялық технологиялық компоненттерін қамтамасыздандырады.

- «кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқыту –аксиологиялық (білім беру және өндірістік құндылықтар мен мақсаттардың теңдігі), онтологиялық (модульдік-құзыреттілік тәсіл), технологиялық (білім беру және кәсіби қызметті ұйымдастыру) үш әдіснамалық бірлік негізінде мамандар даярлаудағы білім беру және өндіріс салаларының өзара іс-қимылын үйлестіретін мақсатты кәсіптік оқытуды ұйымдастырудың инновациялық түрі

- кәсіби білім беру жүйесінде дуальді оқытудың дидактикалық негіздемесі мемлекеттік стандарт негізінде жасалатын нормативтік оқу-әдістемелік құжаттарды, өндірісте кәсіби білім беруді ұйымдастыру Ережесін, оқытудың функцияларын, әдістерін, педагогикалық құралдарын, формаларын қамтиды және өзара әрекеттестік, субъект-субъектілік қарым-қатынастарына негізделеді

- Германия мен Қазақстан тәжірибесінде кәсіби білім берудегі дуальді оқытудың дамуын зерттеу негізінде әзірленген жоғары педагогикалық білім беруде дуальді оқыту элементтерін пайдалануға арналған ғылыми-әдістемелік ұсыныстар теориялық-әдіснамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық, практикалық-бағдарлық әдістемелік ұсыныстардан тұрады және болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығының практикалық бөлігін тиімді қамтамсыздандырады.

Зерттеуді сынақтан өткізу. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда талқыланды:

1. Білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың тиімділігі. //Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Қазақ хандығының құрылуының тарихи тамырлары» атты халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция материалдары. –Алматы, 2015. –Б.263-265.
2. Кәсіби білім беру жағдайында тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыру. //«Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігінде» атты Жас ғалымдарға арналған ҮІІІ халықаралық ғылыми конференция материалдары. –Алматы, 2016. – Б.48-51
3. Германия мемлекетінің болашақ мамандарды даярлаудағы дуальді оқыту тәжірбиесінен. //«Қазақстан республикасының педагогикалық білімін жүйелі жаңғырту: мәселелері, шешу жолдары» атты халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция материалдары. –Алматы, 2016. –Б. 589-591.
4. Дуальді оқыту – сапалы маман даярлау негізі. //«Қазақстан Республикасының әлемдік кеңістіктегі білім мен ғылымның даму тарихы мен заманауи тенденциялары» атты Халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция. – Алматы, 2016. - Б.64-68
5. Білім беру жүйесінде дуальді оқытудың мәні. International Scientific and Practical Conference WORLD Science. The goals of the World Science. – Dubai UAE, 2017. – P. 24-27.
6. Development of the dual formof professional education of Germany. International Scientific and Practical Conference. «International Trends in Science and Technology». – Warsaw,Poland May, 2018. –P-7-11.

7. Polylingual specialists training and dual education as ways to create varied training conditions in the republic of Kazakhstan. Materialsof the XXIinternationalresearchand practice conference. –Munich, Germany 2018. – P 55-70.

Жарияланымдар

Диссертациялық жұмыстың мазмұны 14 еңбекте жарияланды. Соның ішінде 5 мақала ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 4 халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, оның ішінде 3 алыс-жақын шетелдік халықаралық ғылыми конференцияда, 1 оқу-әдістемелік құралда жарияланды.

Диссертацияның зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі отандық және шет елдік тарихи педагогикалық, психологиялық-педагогикалық еңбектердегі теориялық-әдіснамалық қағидаларды басшылыққа алуымен, тұжырымдарға негізделуімен, зерттеудің мақсатына сай тарихи, теориялық, салыстырмалы әдіс-тәсілдерді қолдануымен, алынған нәтижелерді қорытындылауымен қамтамасыздандырылды.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспе бөлімінде зерттеу проблемасының көкейкестілігі, ғылыми аппараты: мақсаты, нысаны, пәні, ғылыми болжамы, міндеттері, теориялық-әдіснамалық негіздері, зерттеу көздері, кезеңдері, әдістері, зерттеудің базасы, ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалар тұжырымдалады.

«Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың тарихи негіздері» атты бірінші тарауда зерттеу мәселесіне қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасалады. Германияның кәсіби білім беру жүйесінде дуальді оқытудың пайда болуы мен дамуының алғышарттары негізделеді. Қазақ халқы қолөнеріндегі шәкірт тәрбиелеу жүйесін зерттеу негізінде оның дуальді оқытудың бастау негізі екендігі дәлелденеді. Қазақстанның кәсіби білім беру жүйесіне дуальді оқытудың ендірілу жағдайы мазмұнды сипатталады.

«Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың ғылыми негіздері» атты екінші тарауда Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқыту ұғымының мәні мен ерекшеліктері нақтыланады. Кәсіби білім беру жүйесінде болашақ мамандарды дуальді мақсаттық даярлаудың әдіснамалық негіздері айқындалып, мазмұндалады. Германияның кәсіби білім беру жүйесінде дуальді оқытудың типтері мен тұжырымдамалық моделіне сипаттама беріледі.

«Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың әдістемелік негіздері» атты үшінші тарауда кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың нормативтік-құқықтық құжаттарына талдау жасалады. Кәсіби педагогикалық білім беруде дуальді оқытудың мүмкіндіктерін пайдаланудың дидактикалық негіздемесі жасалып, мазмұны беріледі. Германияның болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау жүйесіне ендірілген дуальді оқыту элементтері анықталады. Оларды Қазақстанда педагогикалық кадрларды кәсіби даярлауда пайдалану бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірленеді. Зерттеудің алға қойылған мақсаты мен міндеттері шешімін тауып, жүзеге асырылады.

Қорытындыда зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалады, әдістемелік ұсыныстар беріледі, зерттеушілерге арналған зерттеу перспективасы ұсынылды.